

## 2014 жылға арналған Жалағаш ауданының аумағында тұратын нысаналы топтарға жататын адамдардың қосымша тізбесін белгілеу туралы

Мерзімі біткен

Қызылорда облысы Жалағаш ауданы әкімдігінің 2014 жылғы 11 наурыздағы N 76 қаулысы. Қызылорда облысының Әділет департаментінде 2014 жылғы 09 сәуірде N 4632 тіркелді. Қолданылу мерзімінің аяқталуына байланысты тоқтатылды

"Қазақстан Республикасында жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қантардағы N 148 Заңының 31-бабының 2-тармағына, "Халықты жұмыспен қамту туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қантардағы N 149 Заңының 5-бабының 2-тармағына сәйкес Жалағаш ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ**:

1. 2014 жылға арналған Жалағаш ауданының аумағында тұратын нысаналы топтарға жататын адамдардың қосымша тізбесі осы қаулының қосымшасына сәйкес белгіленсін.
2. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары Е.Өмірсеріковке жүктелсін.
3. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Жалағаш ауданының әкімі

С. Сермагамбетов

Жалағаш ауданы әкімдігінің  
2014 жылғы "11" наурыздағы  
N 76 қаулысына қосымша

## 2014 жылға арналған Жалағаш ауданының аумағында тұратын нысаналы топтарға жататын адамдардың қосымша тізбесі

1. Жиырма бір жастан жиырма тоғыз жасқа дейінгі жастар.
2. Жасы елуден асқан жұмыссыз адамдар.
3. Отбасында бірде-бір адам жұмыс істемейтін адамдар.
4. Ұзақ уақыт жұмыс істемейтін адамдар (бір жылдан артық).
5. Техникалық және кәсіби білім беру оқу орындарының түлектері.